

## **№ 2 лот**

Лот жолаушылар терминалы ғимаратында вендингілік аппараттарды орналастыруға арналған орындарды қамтиды:

Жалпы аймақта бірінші қабатта 2 (екеу);

Жалпы аймақта екінші қабатта 2 (екеу);

Стерильді аймақта екінші қабатта 2 (екеу).

Сондай-ақ, 2 (екеу) «Экипаждар мен жолаушылардың ұзақ тұруына арналған зал» ғимаратында.

**Төлем терминалдарының орналасу орындарын Қоғам анықтайды.**

### **Біліктілік талаптары:**

- 4 снекті және 4 кофе аппаратының болуын қамтамасыз ету;
- демалыссыз тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- техникалық қолдау қызметінің тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- тауардың әр түрлілігін қамтамасыз ету;
- байланыс телефондаорының болуын қамтамасыз ету;
- жалдаудың нысаналы мақсатын өзгертуге тыйым салынады;
- іріктеу мәні болып табылатын көрсетілетін қызметтің қызметімен байланысты емес жарнама орнатуға тыйым салынады.

### **Объектіні пайдаланғаны үшін тарифтер мен алымдар:**

#### **Белгіленген жалдау төлемі:**

- жолаушылар терминалында 1 вендингілік аппарат үшін ҚҚС-ны есептемегенде айына 70 000 (жетпіс мың) теңге;

- Экипаждар мен жолаушылардың ұзақ тұруына арналған зал ғимаратында 1 вендингілік аппарат үшін ҚҚС-ны есептемегенде айына 20 783 (жиырма мың жеті жүз сексен үш) теңге;

*Өзгермелі жалдау төлемі* – меншікті есеп айырысудан үміткер анықтаған жоспарланған ай сайынғы түсімнің пайызы (бизнес-жоспар және қаржылық үлгі).

### **Ұсынысты қабылдау мерзімі**

Ұсынысты үміткер немесе оның мүддесін білдіретін тұлға 2017 жылғы 06 қаңтар Астана уақытымен 18:00-ге дейін Қоғам мекенжайы (Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 119, жолаушылар терминалы ғимараты, 2042-кабинет) бойынша жапсырылған хатқалтада ұсынады.

### **Ұсынысы бар хатқалтаны ашу күні, уақыты және орны**

Үміткерлердің ұсыныстары бар хатқалтаны ашу бойынша сараптама комиссиясының отырысы 2017жылғы 10 қаңтар Астана уақытымен сағат 14.30-да Астана қаласы, әуежай, 14 ПББ, «Штаб» әкімшілік ғимараты мекенжайында өтеді.

**Іріктеу қорытындысын шығару күні:** 2017 жылғы 13 қаңтар.

Жеңімпазды анықтау өлшемшарттары бойынша барынша көп ұпай жинаған үміткерлер анықталады.

**Жеңімпаздарды жариялау күні:** 2017 жылғы 13 қаңтар.